

«Адалдық сағаты»

Мақсаты:

Балалардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік, шыншылдық сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, дұрыс шешім қабылдай білуге және өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету;
- шыншылдыққа, әділдікке және адалдыққа тәрбиелеу;
- өз ісіне жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыру;
- достыққа, өзара сыйластыққа және қамқорлық көрсетуге баулу;
- жағдаяттық тапсырмалар арқылы дұрыс шешім қабылдау қабілетін дамыту.

Тақырыптық анықтама:

Іс-шара барысында балаларға адалдық, әділдік және жауапкершілік туралы ертегілер мен тәрбиелік әңгімелер оқылып, олардың мазмұны талқыланады. Балалар жағдаяттық тапсырмалар мен рөлдік ойындар арқылы жақсы мен жаманды ажыратуға, шындықты айтуға және өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға үйренеді. Сонымен қатар адалдық туралы мақал-мәтелдер айтылып, дидактикалық ойындар, пікір алмасу және шығармашылық тапсырмалар ұйымдастырылады. Іс-шара барысында балалардың бір-біріне деген сыйластығы, сенімділігі мен әділ қарым-қатынасы нығайтылып, «Адал азамат» бағдарламасының негізгі құндылықтары дәріптеледі. Соңында тәрбиеленушілердің белсенділігі қорытындыланып, адалдық пен жауапкершіліктің адам өміріндегі маңызы туралы тұжырым жасалады.

